КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 05 қыркүйек №5165-23-00-2/1902 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Рүстем,оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойыншаазаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Акпирганова» Акпирганова Гаухар Асетовна.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесініңталап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Акпирганова» Акпирганова Гаухар Асетовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Акпирганова» Акпирганова Гаухар Асетовнадан мемлекеттің пайдасына 3 148 (үш мың бір жүз қырық сегіз) тенге тұрақсыздық пен 1 820 (бір мың сегіз жүз жиырма) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 08.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.10.2023, судья Рүстем Б. М., 17.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруге мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 08.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.10.2023, судья Рүстем Б. М., 17.10.2023

5165-23-3-1/2065